



Жасуша туралы түсінік



- **Сабақ мақсаты: Жасушаның құрылысымен таныстыру.**
- **Білімділік мақсаты: Жеке жасуша құрылысы неден тұратынын оқып үйрену. Тірі организм екенін оқушылардың көзін жеткізу.**
- **Дамытушылық мақсаты: Ең негізін анықтап, талдау жасайды, салыстыруды үйренеді.**
- **Тәрбиелік мақсаты: Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыра, бірін-бірі сыйлауға, тыңдауға үйренеді. Өз ойларын ашық айтуға дағдыланады.**

Сабақ типі: Аралас сабақ.

Оқыту әдісі: Лекция.

**Тексеру формасы: Тест. Симентикалық карта. Венн
диограммасы.**

Көрнекіліктер: Компьютердегі слайдтар.

Сабақтың кезеңдері:

**I Ұйымдастыру кезеңі: 3 мин. Оқушылардың назарын сабаққа
аудару. Түгендеу.**

II Өткен тақырыпты қайталау: 15 мин


1. 10 мин тест алу.

2. «Жасушаның ашылу тарихы»

3. «Жасуша теориясы»


Жасуша - тірі организмдердің құрылымының ең қарапайым бөлігі, құрылысы мен тіршілігінің негізі; жеке тіршілік ете алатын қарапайым тірі жүйе. Жасуша өз алдына жеке организм ретінде (бактерияда, қарапайымдарда, кейбір балдырлар мен саңырауқұлақтарда) немесе көп жасушалы жануарлар, өсімдіктер және саңырауқұлақтардың тіндері мен ұлпаларының құрамында кездеседі. Тек вирустардың тіршілігі жасушасыз формада өтеді.

**«Жасуша» терминін
ғылымға 1665 жылы
ағылшын
жаратылыстанушысы
Р.Гук (1635 – 1703)
енгізген. Тіршілікті
Жасуша тұрғысынан
зерттеу – қазіргі
заманғы биологиялық
зерттеулердің негізі.**




Жасуша ядросының құрамындағы әмбебап органоидты хромосома, ал цитоплазма құрамындағыларды –


- рибосома,**
- митохондрия**
- эндоплазмалық тор**
- Гольджи кешені**
- лизосома**
- клеткалық мембрана**
деп атайды.




- **Рибосома**- жасушадағы ақуыздың түзілуін қамтамасыз етеді, ақуыз синтезі орт. деп қаралады. Оның диаметрі 20 – 25 нм. Рибосома цитоплазмада бос күйінде де, жалғасқан түрде де, сондай-ақ барлық тірі организмдердің Жасушасында кездеседі.




Цитоплазма – ядроны қоршап жатқан Жасуша бөлігі. Оның құрамындағы химиялық макро және микроэлементтерден күрделі органикалық қосылыстар (ақуыздар, көмірсулар, липидтер, нуклеин қышқылдары, гормондар, ферменттер, витаминдер, тағы басқа) және минералдық заттар түзіледі.




Митохондрия –
Жасушаның тыныс алу процесін қамтамасыз ететін органоид.
Митохондрияның ұзындығы 10 мкм-дей, диаметрі 0,2 – 1 мкм, саны 1-ден 100 мыңға дейін болады.




Ядро – организмдегі
ақуыздық алмасуды
реттеу арқылы
тұқым қуалаушылық
қасиеттерді
ұрпақтан ұрпаққа
жеткізетін
жасушаның негізгі
бөлігі.




Эндоплазмалық тор – цитоплазмадағы көпіршіктердің, жалпақ қапшықтардың және түтікше құрылымдардың торлы жүйесі. Бұл әртүрлі иондарды, қоректік заттарды тасымалдайды, липидтер мен көмірсулардың (полисахаридтер) алмасуына және улы заттарды залалсыздандыруға қатысады.



Гольджи кешені – бір-бірімен қабаттаса тығыз орналасқан жалпақ жарғақты 5 – 10 «цистернадан» және олардың шетіндегі ұсақ көпіршіктерден құралған органоид. Мұнда өндірілген өнімдер жинақталып, пісіп жетіліп, сыртқа шығарылады, Жасуша лизосомаларының түзілуіне қатысады.



Лизосома – қабырғасы мембранамен шектелген, қуысында ас қорыту ферменттері (протеиназа, нуклеаза, глюкозида, фосфатаза, липаза, тағы басқа) бар ұсақ көпіршіктер. Көпіршіктердің диаметрі 0,2 – 0,8 мкм. **Лизосома** ферменттерінің (20-дан астам) көмегімен Жасуша ішіндегі ас қорытуға және Жасуша құрамындағы жарамсыз құрылымдарды ыдыратуға қатысады.



***Назарларыңызға
рахмет!***